



ШЖҚ РМҚ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН


Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік  
университетінің ректоры

А.Талтенов  
«14» желтоқсан 2018ж.

Х. ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ ЗЕРТХАНА ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ


СМЖ № 105

Атырау 2018ж.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Х.Досмұхамедов атындағы зертхана туралы Ереже	2 - бет, 9 беттен тұрады


### Алғы сөз

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН:** Ғылым департаменті
- 2. ЕНГІЗГЕН:** Сапа менеджмент жүйесі қызметі
- 3. ӘЗІРЛЕУШІ:**  
    Ғ. Базарғалиев - Х. Досмұхамедов атындағы зертхананың меңгерушісі
- 4. « 14 » желтоқсан 2018ж. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**
- 5. ЕНГІЗІЛДІ: ЕКІНШІ БАСЫЛЫМ.**
- 6. Құжатты ҚАЙТА ҚАРАУ** мерзімділігі 3 жылда 1 рет.  
    Құжатты кейінгі **ТЕКСЕРУ** – 2021 жыл.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Х.Досмұхамедов атындағы зертхана туралы Ереже	3 - бет, 9 беттен тұрады

### Мазмұны

1	Жалпы ереже	4
2	Қысқартулар	4
3	Негізгі міндеті	4
4	Негізгі қызметі	4
5	Ұйымдық құрылымы	5
6	Өзге құрылымдармен байланыс	5
7	Жауапкершілігі және құқығы	5
8	Нормативтік сілтемелер	5
9	Өзгертулер	6
10	Келісім алу, сақтау және тарату	6
11	Келісім парағы	7
12	Танысу парағы	8
13	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Х.Досмұхамедов атындағы зертхана туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады

## 1 Жалпы ереже

- 1.1 Х.Досмұхамедов атындағы зертханасы (бұдан әрі - Зертхана) 2015 жылғы 17 қыркүйегінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Ғылыми Кеңесінің № 1-ші хаттамасымен 2015 жылдың 1-ші қазан айынан бастап құрылған.
- 1.2 Зертхананың толық аталуы: Х.Досмұхамедов атындағы зертхана және қысқаша аталуы: Халелтану зертханасы.
- 1.3 Зертхана Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Педагогика кафедре-лабораториясының құрылымдық бөлімі болып табылады және ғылыми-өндірістік, зерттеу бірлестігі түрінде ұйымдастырылады. Зертхана мемлекеттік тапсырыстар және коммерциялық негізде педагогикалық ғылымдар саласы бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерді жүзеге асырады.

## 2 Қысқартулар

АтМУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті;  
ОЖП – Оқу ісі жөніндегі проректор;  
ҒЖП – Ғылым жөніндегі проректор;  
ҒД – Ғылым департаменті;  
СМЖ – Сапа менеджмент жүйесі.

## 3 Негізгі міндеті

- 3.1 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің перспективалық және ағымдағы ғылыми-зерттеу жұмыстары жоспарына сай педагогикалық ғылымдар бағыты бойынша ғылыми-зерттеулерді ұйымдастыру және орындау;
- 3.2 Педагогика, тарих, филология және жаратылыстану ғылымдары бойынша қолданбалы және іргелі ғылыми-зерттеулерді жүзеге асыру;
- 3.3 Педагогикалық ғылым салалары бойынша жоғары білікті кадрлар даярлауды іске асыру;
- 3.4 Х.Досмұхамедов атындағы зертхананың ғылыми-зерттеу бағытының тақырыбы: «Энциклопедист ғалым, профессор Халел Досмұхамедовтың және тарихи тұлғалардың, ағартушы педагогтардың мұраларын зерттеу, оны педагогика тарихы саласының ғылыми айналымына енгізу, университеттік білім беру жүйесін модернизациялау жағдайында болашақ мұғалім кадрларын дайындауды жетілдіру»;
- 3.5 Қазақстан Республикасы заңдарында тиым салынбаған басқа да қызметтерді атқару.

## 4 Негізгі қызметі

- 4.1 Педагогикалық ғылым салалары бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу;
- 4.2 Халықаралық соңғы жетістіктерге сай республика және аймақта жүргізілетін ғылыми-зерттеулердің басым бағыттарын анықтау;
- 4.3 Ғылым мен техниканың негізгі басым бағыттары бойынша іргелі және қолданбалы ғылыми-зерттеулерді жүргізу. Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңды, жеке тұлғаларына сұранысы бойынша ақылы негізде ақпараттық, танымдық және сараптамалық қызметтер көрсету;
- 4.4 Педагогика және гуманитарлық ғылым салалары бойынша халықаралық, мемлекеттік, салалық және аймақтық ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу;
- 4.5 Отандық және шет елдік серіктестермен кадрлардың ғылыми іскерлік біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;
- 4.6 Қазақстан Республикасы өкілетті органдарының рұқсаты (лицензия) негізінде басқа да ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді.

## 5 Ұйымдық құрылымы

- 5.1 Зертхананың құрылымы мен штаттық кестесі ғылыми-зерттеу жұмыстарына, Зертхананың ережесінде белгіленген мақсаты мен қызметіне қарай құрылып, жетілдіріліп отырады және ректордың қызмет өкілдігіне сай бұйрықпен бекітіледі;
- 5.2 Шаруашылық келісімдегі ғылыми-зерттеулерді орындау үшін уақытша шығармашылық топ құрылуы мүмкін;
- 5.3 Зертхананы меңгеруші басқарады. Зертхананы меңгерушісінің кандидатурасын факультет деканы ұсынысымен, ректор бұйрығымен бекітіледі;
- 5.4 Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелендіру, сараптау үшін ғылыми-техникалық кеңес құрылады. Кеңесті зертхана меңгерушісі басқарады
- 5.5 Зертхананың негізгі қызметі мен міндеттеріне сай және ағымдағы ғылыми-зерттеулерді орындау мақсатында тематикалық топтар құрылады.

## 6 Өзге құрылымдармен байланыс


- 6.1 Зертхананы ректор белгілеген өкілеттілік негізінде меңгеруші басқарады;
- 6.2 Зертхана меңгерушісі «Педагогика» кафедра-лабораториясының меңгерушісіне бағынады;
- 6.3 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің басқа да құрылымдық бөлімдерімен байланыс туралы шешімді Ғылыми-техникалық Кеңес ұсынысымен Ғылым жөніндегі проректор жасайды.

## 7 Жауапкершілігі және құқығы

- 7.1 Зертхана тапсырыс берушілермен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен, оның ішінде халықаралық дәрежедегі байланыстарына зертхана жетекшісі өкіл болады;
- 7.2 Ғылыми-зерттеу жұмыстарының талап деңгейінде орындалуына әр сала меңгерушісі бақылау жүргізеді және жауап береді;
- 7.3 Зертхана меңгеруші тікелей жауапты:
  - 7.3.1 Зертхананы басқару кезінде заңдылықтардың қатаң сақталуына;
  - 7.3.2 Зертхана туралы мәліметтердің жасалуына, бекітілуіне және ұсынылуына;
  - 7.3.3 Басшылық тапсырмаларын уақытылы және сапалы орындауға;
- 7.4 Зертхана қызметкерлерінің жауапкершілігі лауазымдық міндеткерліктер арқылы белгіленеді;
- 7.5 Алға қойған мақсаттарды орындаудағы Зертхананың құқығы:
  - 7.5.1 Университеттің басқа құрылымдарынан белгіленген тәртіпте қажетті құжаттарды, мәліметтерді уақытылы сұрау және алу;
  - 7.5.2 Зертханаға қатысы бар жиындарға қатысу;
  - 7.5.3 Университет құрамындағы кітапхана, ақпараттық технологиялар, баспа жұмысы, әлеуметтік – тұрмыстық, спорт, денсаулық қызметтерін ақысыз пайдалану;
  - 7.5.4 Қызметтік міндеткерлікке сай ұйымдық-техникалық қамсыздандыру;
  - 7.5.5 Басшылыққа, басқа да мекемелер мен ұйымдарға заңдылық негізде Зертхана қызметіне байланысты сұраныс беру.

## 8 Нормативтік сілтемелер

- 8.1 Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңы;
- 8.2 Қазақстан Республикасы «Ғылым туралы» заңы;
- 8.3 Қазақстан Республикасы Еңбек туралы кодексі;
- 8.4 Қазақстан Республикасы үкіметі қаулысымен бекітілген «Жоғары кәсіптік білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын оқу орындары қызметін ұйымдастыруға арналған типтік ереже»;
- 8.5 Университет жарғысы;
- 8.6 Университеттің ішкі еңбек тәртібі ережесі;
- 8.7 Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құжаттамалары.


 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Х.Досмұхамедов атындағы зертхана туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

## 9      **Өзгертулер**



- 9.1      Ережеге енгізілетін өзгерістер ОІЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі.
- 9.2      Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге зертхана меңгерушісі жауапкершілікте болады.
- 9.3      Ережені ҚББ үш жылда 1 рет қайта қарап отырады.
- 9.4      ҚББ-не өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:  
-заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;  
-ректордың бұйрығы;  
-құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;  
-құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;  
-ҚББ мен ҒЖП-дің рұқсат етілген, өзгертулердің себептері көрсетілген қызметтік хаты.
- 9.5      Мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.
- 9.6      Ереже ауыстырылған жағдайда оз күшін жойған Ережелерді университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады.
- 9.7      Ескірген, күшін жойған Ережелерді жинап алуға және жаңасымен ауыстыруға ҚББ және СМЖ қызметі жауапты.

## 10     **Келісім алу, сақтау және тарату**

- 10.1     Қазақстан Республикасы нормативті-құқықтық актілері талаптарына сай жасалуын СМЖ қызметі жүзеге асырады.
- 10.2     Ережені ҚББ дайындап, жасайды.
- 10.3     Ереже келісімімен жасалады:  
- ОІЖП;  
- СМЖ қызметімен;  
- заң кеңесшісімен.
- 10.4     Ережені ректор бекітеді және оның күшін жоюына дейін қолданыста болады..
- 10.5     Зертхана туралы Ереженің түпнұсқасы сапа менеджмент жүйесі қызметінде сақталады.
- 10.6     Ереженің тіркеуге алынған жұмыс даналарын тиісті бөлімдерге жеткізуді СМЖ қызметі жүргізеді.
- 10.7     Құрылымдық бөлімдегі Ережелердің тіркеуге алынған жұмыс даналарын сақтауға ҚББ жауапты.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті	Басылым: екінші
	Х.Досмұхамедов атындағы зертхана туралы Ереже	7 - бет, 9 беттен тұрады

### КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ

Лауазымы 1	Т.А.Ә. 2	Келісу күні 3	Жеке қолы 4
Оқу ісі жөніндегі проректор	Джарасова Г.С.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым жөніндегі проректор	Идрисов С.Н.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Ғылым департаментінің директоры	Мусаева А.А.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Х. Досмұхамедов атындағы зертхананың меңгерушісі	Базарғалиев Ғ.Б.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Сапа менеджмент жүйесі қызметінің бастығы	Балтурганова С.К.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)
Заң кеңесшісі	Губайдуллин М.Г.	<u>12.12.2018</u> ж.	 (ҚОЛЫ)





